

## Зеренді ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 ақпандағы № 10-82 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 ақпанда № 5753 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 қазандағы № 28-210 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 11.10.2018 № 28-210 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 тіркелген) сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зеренді ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Зеренді аудандық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылған деп танылсын:

"Зеренді ауданында тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшерін анықтау туралы" 2015 жылғы 4 наурыздағы № 35-280 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4728 тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде "Зерделі-Зеренді", "Зерен" аудандық газеттерінде жарияланған);

"Зеренді аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4 наурыздағы № 35-280 "Зеренді ауданында тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшерін анықтау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 47-377 (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5244 тіркелген , 2016 жылғы 26 ақпанда "Зерделі–Зеренді", "Зерен" аудандық газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*А.Төлебаева*

*Аудандық мәслихаттың*

*Қ.Ауғалиев*

*хатшысы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Зеренді ауданының*

*А.Мұратұлы*

*әкімі*

2017 жылғы "6" ақпан

Зеренді аудандық мәслихаттың  
2017 жылғы 6 ақпандағы  
№ 10 - 82 шешіміне  
қосымша

## **Зеренді ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі**

### **1. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

1. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган " Зеренді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып анықталды, ол отбасының (азаматтың) жиынтық табысын қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептейді.

2. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі:

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоннеттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге отбасының ( азаматтың) жиынтық табысына 11 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 25.04.2017 № 12-105 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға белгіленген көлемінің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы отыз шаршы метр.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

4. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен Зеренді ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады.

5. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 тіркелген) бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген күнге байланысты емес ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады, ал отбасының (азаматтың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары, келесілерді қоспағанда есепке алынады:

отбасылардың (азаматтардың) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үй (пәтер, үйжай) немесе жалға берген (қосымша жалға берген) тұрғын үйлері болса

7. Коммуналдық тұрғын үйде тұратындар үшін жылу беру шығындары жоспарлық есеппен алынып, нақты төлем жасалғаннан кейін қайта есептеледі.

8. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеу "Зеренді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 25.04.2017 № 12-105 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Тұрғын үй көмегі, тұрғын үйдің меншік иесі болып табылатын, жалға алушылармен (тұрғын үйді жалға алу шарты болған кезде) коммуналдық қызметтерге және қатты отынды сатып алу шығыстарын өтеу бойынша жергілікті жылытумен жеке үй құрылыстарында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

10. Жергілікті жылумен қатты отынды тұтынуға өтемақы нормасы өтініш беру тоқсанында отбасыға (азаматқа), жылу беру маусымына бес тонна деп белгіленсін. Бір шаршы метрге шығын айына 20,83 килограмм мөлшерінде есептеледі. Статистикалық мәліметке сәйкес өткен тоқсанда қалыптасқан көмірдің орташа бағасы алынады.

11. Электр энергиясының шығын нормасы бір адамға айына 50 (елу) киловаттан белгіленсін.

12. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысымен бекітілген, әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің ережесіне сәйкес жүргізіледі.